

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

**Қиялды жаттықтыру!**ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/66717/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Пәні: Танымдық әрекетін түзету. Сыныбы: 4 сынып  
Сабақтың тақырыбы: Қиялды жаттықтыру!  
Сабақтың мақсаты: 1. Оқушының қиял ерекшеліктерін зерттеу, оқушы қиялын басқара білу тапсырмаларды орындау кезінде өзің-өзі бақылауды қалыптастыруға үйрету. 2....

**Пәні:** Танымдық әрекетін түзету.

**Сыныбы:** 4 сынып

**Сабақтың тақырыбы:** Қиялды жаттықтыру!

**Сабақтың мақсаты:**

1. Оқушының қиял ерекшеліктерін зерттеу, оқушы қиялын басқара білу тапсырмаларды орындау кезінде өзің-өзі бақылауды қалыптастыруға үйрету.
2. Оқушымен жұмыс істеуде қиял ерекшеліктерін ары қарай дамыту.
3. Өз ерекшеліктерін дұрыс қабылдауға тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** аралас

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру сәті:** Оқушымен амандасу. Сабаққа керекті заттарды дайындап оқушының зейінің сабаққа аудару.

**2. Қабылдауға дайындалу.**

Миға арналған жаттығулар.

1.Басымызды шайқау, терең демаласын, дененді босансытып, басынды алдыға түсіресің, басынды жан-жаққа шайқайсын,30 сек орындалады.

2. Жалқау сегіздіктер. Ауада әр қолымен 8 санын сызамыз, содан кейін екі қолымен бірге сызамыз. Тапсырма үш рет қайталанады.

### **1. «Пантомима» ойыны**

Бұл ойын қиялды және шығармашылық қабілеттерді дамытуға арналған.

Баланы дене қимылдарымен, ыммен, дыбыстармен қандай да бір затты (поезд, машина, шайнек) немесе іс-әрекетті (жуыну, шаш тарау, сурет салу, жүзу) бейнелеуін сұраңыз.

Егер бірінші жолы орындай алмаса, қалай жасауға болатынын өзіңіз көрсетіңіз. «Ойлан тап» ойнаңыз: сіздің не бейнелегеніңізді бала ойлап табады, сосын керісінше-баланың не бейнелегенін сіз табуыңыз керек. Күлкілі нұсқалар ойлап табуға тырысыңыз.

### **2. Көру қиялын дамыту жаттығулары**

Балаға әртүрлі аяқталмаған бейнелер кескінделген суретті ұсыныңыз да, осы бейнелерді қолдана отырып, қызықты бір нәрсе салуын сұраңыз. Бала сурет салып болған соң, оның не бейнелегені туралы айтып беруін сұраңыз.

### **3. «Нүктелер» жаттығуы**

Балаға мысал түрінде, нүктелерді қосып қалай сурет салуға болатынын көрсетіңіз. Ал енді оның өзінен нүктелерді қоса отырып сурет, бейне салып көруін өтініңіз. Әрбір жағдайда барлық нүктелерді қолдану міндетті емес.

### **4. «Құрастыру» жаттығуы**

Геометриялық фигураларды: дөңгелек, жартыдөңгелек, үшбұрыш, тіктөртбұрыш, квадраттарды қолданып, баладан мүмкіндігінше көбірек заттардың суретін салуын өтінеді. Кейбір фигураны бірнеше рет қолдануға, кебіреуін қолданбауға болады. Фигуралардың өлшемдерін өзгертуге болады. Негізгі шарт — басқа фигураларды қосуға

болмайды.

## **5. Вербальді (сөздік) қиялды дамыту жаттығулары**

Балаға мынадай ойын ұсыныңыз: «Елестетіп көр, не болады, егер....». Мысалы, мысықтар үшін мектеп ашылыпты, деп елестету. Немесе иттер адамша сөйлейтін болыпты т.с.с.

Баланың ұиялы қаншалықты дамыған болса, ол соншалықты қызықты, өзіндік,соны (оригинальный) нұсқалар ұсынады.

### **Сабақты пысықтау.**

Бүгін сабақ саған ұнадыма?

Көңіл-күйін қандай? Қандай сезімдесің?

### **Коррекциялық сабақтан күтілетін нәтиже.**

Балада оқуға құштарлыққа талпындыру. Бала өз жетістіктеріне көңіл аудара білуді, дұрыс қабылдай алуды, өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуді қамтамасыз ету.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.